

Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 28 маусымдағы № 249 "Атырау облысы бойынша облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 07 қарашадағы № 338 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 желтоқсанда № 3046 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 27, 37-баптарына және «Автомобиль жолдары туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 3,13-баптарына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 28 маусымдағы № 249 «Атырау облысы бойынша облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы» қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2763 тіркелген, 2013 жылғы 8 тамыздағы «Атырау» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Атырау облысы бойынша облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесінде:

бүкіл мәтін бойынша мемлекеттік тілдегі «селосына» деген сөз «ауылына» деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 - т а р м а қ т а :

16 және 17-бағандардағы «1» және «804,0» деген сандар алынып тасталсын;
« Б а р л ы ғ ы » д е г е н ж о л д а :

16-бағандағы «29,00» деген сан «28,00» деген санмен ауыстырылсын;

17-бағандағы «2169,00» деген сан «1365,00» деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Т.Ә. Ш ә к і м о в к е жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Измұхамбетов

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрлігі
Автомобиль жолдары комитетінің

төрағасы _____ М. Пшембаев

07 қараша 2014 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК